

Тұлкібас ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 20 мамырдағы "Жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын үйымдастыру туралы" № 256 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 мамырдағы № 258 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 маусымда № 14-14-110 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 шілдедегі № 414 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Тұлкібас ауданы әкімдігінің 2011.07.12 № 414 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы", Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Укіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 259 "Өнірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер мен нысаналы даму трансфертерін және республикалық үйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жоғары білім беретін оқу орындардың, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын үйымдастыру туралы" Тұлкібас ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 20 мамырдағы № 256 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-14-79 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 29 мамырдағы аудандық "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетінде ресми жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

Қаулының 7-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Жастар тағылымдамасына қатысуышылардың ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін ағымдағы нысаналы трансфертерден аударылатын орташа айлық аударымдар мөлшерін, міндепті зейнетақы журналары мен жеке табыс салығын қоса алғанда, жұмысқа орналастырылатын жоспарлары саны мен қатысуы мерзімін ескере отырып, Уәкілетті органнан төленеді".

2. Осы қаулы 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

K.Абдуалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК